


84(5кaz)

A 38

Нұрдәulet  
Ақышев

# Чиңдеуійтін чүл



ЖАЛЫН

Нұрдәulet  
Ақышев

---

# Чиңдеңейтін шл



Алматы «Жазын» 1982

**Қаз 2**  
**А 38**

**Ақышев Нұрдәulet**

**А 38** Үндемейтіп үл: Әңгімелер мен повесть.— Алматы: Жалын, 1982.— 168 бет.

Жас жазушының бұл кітабындағы туындыларға ел мен жерге де-  
ген үрпақ сүйіспенешлігі езек болған.

Кандай тақырыпты болсын өзінше жазуга тырысуы, өмір қырлау-  
рын нағымды бейнелеуге ұмтылышы — автор қаламының өзіндік си-  
паты.

**A 70303—170**  
**408(05)82** 138—82—4702230200

Қаз 2

 «Жалын» баспасы — 1982

### КЕШІГУ

— Ақсақал, документініз болмаса ентелеменіз. Біз сіздің мүгедек екеніңізді қалпағыңызға карап білеміз бе?

— Киімін шешіп, тексерсек қайтеді өзін.

— Осылар-ак... Ресторанда несі бар десенші.

Шан-шүң айғаймен араларындағы жалғыз қарияны шетке қақпайлап, ықтырып тастаған қыз-бозбаланың мұнан кейін онымен шаруасы да болған жоқ. Ашы өзегі талып келіп, жүрек жалғармын деген шалдын ииеті осымен кесілді. Бәрі шуласып: «Кезекке тұр», — дейді. Шәрлі жердің өзі үйренбеген тәртібіне көне салар еді, уақыты құрғыр тығыз. Ашы ішектей шұбатылған жұрттың сонында тұрып, аузына ыстық тигенше, ымырт жабылып кетпей мे? Ауылдағы көнілмен жалғыз шалды жіберер деп үмтыйлып көргенде, алған сыбағасы әлгі. «Жарайды, бас сұратын басқа бір қуыс табылар».

Осы кезде әйнек есіктің ар жағынан ақ халатты то-лықша әйел шыға берген. Колында билік барын еркін кимылы мен өктем үні жариялад тұр. Есік көзіне топталып, шу көтеріп жатқан жұртқа ұрса келді. «Келін, келін», — деп тілі жеткенше өз жағдайын түсіндірген болды қарт. Кейде адамның көнілі осындайда көтеріліп

қалады ғой. Әйел тамам елдің көзінше қартты ішке кір-гізіп алды. Жамырай естілген наразы үндерді тойтарып тастаған жаңағы өктемдігі:

— Эне, ана жазуды оқындар. «Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне кезектен тыс қызмет етіледі». Енді не керек, сендерге?

— Документін көрсетсін!

— «Документім қалып қойыпты», — деп тұр емес пе? Мүгедек екені көрініп тұрса, документ міндетті емес кой.

Карт аяқ астынан жолы бола кеткенге есі шыға куанды.

— Ракмет, келін. Үл тап, — дей береді қалбалактап.

Мына сыпайы ортада өзін қалай ұстауды білмей, жатырқап тұрған карт қалпақтан женілеліген тақыр басын қайта-қайта изеп, қауқалақтай береді.

Төбесіне сілтеген құрық әрен жететін кең залдың іші құжынаған адам. Екі қабырға тұтас шыны. Терезесі қайсы, есігі қайсы, айыра алар емес. Төбеден сұлу келіншектің сырғасындаи салбырап, көз арбаған жалтылдақ бұйымдарды айтсаңы. «Қамшының таспасындаи етіп, өзін әйнектен өрген бе, қалай?»

Тұтаса быжылдаған қалың үннің арасына әр сөзді де ажырата алар емес. Біраз тыңдаса, гүілдеген дауыстар жем дәметкен аш қойлардың маңырағанына үқсац кетеді.

Сықырлама етіктің табаны жалтыраған еденді жатырқағандай тайып барып, дәйектеп қалды. Кіруін кіргенмен, тізе бүгетін орын табылмай, дағдаруға айналғанда, жаңағы мейірбан әйелдің тағы жетіп келмесі бар ма?

Орнығып отырған соң ғана айналасымен танысуға мүршасы келді. Алдымен сезінгені — осы сәулетті шаңырактың астында аса бір жарасымдылықпен мекен тепкен салтанатты көрініс. Мына залдың мол бояуы шаһар тіршілігінің өзі бұрын-сонды көріп, білмеген әде-

мі жанды үлгісі, Айналасына қымсына көз жүгіртіп еді, жанары бұлдырады. Қілен ығай мен сығайдын құллырған ортасы өзіндегі жуан қоныш, кен қолтық қыр ада-мының қолы емес тәрізді. Қалай қараса да, әлем-жәлем жарқырауық киімдер, сызатсыз сырттайтын ашық-жарқын шат үндер. Өзін-өзі мына дуылдақ ортаға бөтен санап, қасында отырғандардан имене бастады. Қелісті келіншек пен ұзын шашты жас жігіттің кездейсөк дастар-қандас бол қалған кісіні жаратпай қалғаны анық. Қөрші столдан кеуделерін бұрып тұрып, әдейілеп назар салған біреулер жырқылдай құлісіп те қалған сықылды. Қарттыңды қөрінеу сайқымазаққа айналдырып отырғаннан сау емес. Іштей бурқ еткен наразылық сезіміне сабырдың ноктасын кигізіп, тәк-тәктады. «Құлсе, күле-тіндегі бар шығар. Қайбір жетіскең жамын, шайыр сасып»,— дейді өзін-өзі.

Бекесін қойқандатқан етженді даяши ішім-жемге сықалған қайқайма табакты алақанында ойнатып қастарынан өткен. Бірге отырғандардан үстеме заказ алыш кеткен. Тойған қозыдай қонырайып отырған мейманға, соңда да: «Итпісің, кісімісің»,— деп, мойнын бұрсаши. Елдегі дағдысымен: «Әй, қалқам»,— деп шақырған болып еді, оны да естіп жарытқан жок. Қарадай салы суға кетіп, түйік ойға тағы да қамала бастаған. Сол екі арада жарылқаушы әйелдің жарқ етіп жетіп-ақ келгені. Бәрін байқап тұрса керек, келе сала даяшиға қолқа салып жатыр.

«Ай, кеп жасағыр, кеп жаса»,— деп іштей алғысын арнап мейман отыр.

Босаған бір орынға отыздар шамасындағы мелжемді жігіт мол денесімен толтыра жайғасты. Қарттың зака-зын алыш келген келіншекке:

— Ен дәмдісінен, ең ашысынан,— деп гүж ете түс-кен. Құдды бір нағашысының төрінде отырғандай өк-тем. Қарт ойлагандай мұнысына даяши ашуын шығын-

дап, салғыласа жөнелген жоқ. Қайта қалжындай сөйлеп, қарқ-қарқ күлкіге қандырып кетті.

Алдындағы ыстығын терлеп-тепшіп үрттай бастаган карттың жігітпен сөзі жарасып, екеуі тәп-тәуір шүңкілдесіп отыр.

— Атыңыз кім, аксақал?

— Менің бе? Ынім, менің атым Әбліттай болады.

— Өзініз кіммін дедіңіз? Қесібінізді айтам.

— Е, мен бе? Малшы боламын, шырағым. Қөптен бері қалашылап шыққаным еді. Бір дәм ауыз тиіп шыға кояйын деп...

— Қайда, қалаға ма?

— Е, жоқ. Осы босағаға да.

Ас алдындағы тіске басар ұсақ-түйек, шөп-шалам жігітті ұзақ зарықтырған жоқ. Қөздері мөлтілдеген шиша-шиша нөкері тағы бар. Тамақ иесі өзгесін қоя турып, сол «нөкеріне» қол салды.

— Ал, аксақал, сөйленіз,— деді ол абы сумен ас жолын «дезинфекциялап» алған соң барып. Сейтті де, жауап тоспастан іске қауырт кіріспін кетті. Дүнк еткізіп тастай салған пәтуасыз сөз картты сасқалақтатып тастады. Қелдей орамалымен сай-сайды қуалаған терді жеңілдетіп алды да:

— Не сөйлеймін, шырағым? Өзім қалаға жаңа келген кісі,— деп себепсіз акталуға айналған.

— Өй, аксақал, өзініз қызық екенсіз. «Не сөйлеймін?» Сол да сылтау болып па? Ауылдың шалдары әңгімешіл болады дейтіні қайда? Ауылдан екенініз анықтой өзі?

— Ие, қыр адамымыз. Бізде қайбір әңгіме болсын. Үлғи күнсіп далада жүреміз. Қөретініміз....

— Міне, міне. Сөз сізде демедім бе? Шіркін, дала деген рақат кой. Аң-күс көп шығар?

— Ит-күс па? Е, кездеседі...

— Аңың қызығын сіз көріп жүр екенсіз, ә? Сіздер

жактагы қандай аң? Ақбөкен бе? Ылғи далада жүрсөңіз, аулап қоймайтын болдыңыз фой.

— Ой-буу, шырағым-ай. Біз қайдары бір... малдан шыға алмай жүріп...

— Аңшылықты жаным сүйеді. Ал өзініз қандай мал бағасыз?

— Біздің айналдыратынымыз — ата кәсіп қойдан басқа не болсын.

— И-ә-ә... Аң сіздерде, ет сіздерде. Бір отар қой алдыңызда. Солай ма? Ет керек болса, былай — чирк: Шіркін, мына кек жасық шандырдың орнында бір табақ ет болса...

Жігіттің қалың еріндері айналдырған бүйендей дүрділіп, бұлтиған жұмсак бұғақ бұлк-бұлк етіп қалды. Аузы бен ыдыстың арасында қолды-аяқты баладай лып жүгіріп тұрған шанышқы ауаны шимайлай, лағып барып тоқтапты.

— Жарайды, құрысыншы сол,— деді құрғақ тамсанудан ештеңе өнбейтіні саңылауына барған жігіт кенет серліліп тастап. Сейтті де, аузындағысын күтірлетіп кайта жәуекемдей бастады.— Оナン да мынаны алып кояйық.

— Нени? О, жок, балам...

Шытыдай жұқа шыныны қыпша белінен ілген жүнді саусақтар сондай әлуеуtt секілді. Әрқайсысының жуандыры ат тағалайтын балғаның сабындаі бар-ау. «Шіркін, өзіне қораның киын тазарттырар ма еді. Белім ауырып жүріп бір жұма жұлмалаған қораның ішін мына құжбан бір-ақ күнде ту-талақайын шығарар». Жұз грамм ішкізу үшін осынша үгіт-насихат жүргіземін деп ойламаған жігіт серігінің өцине барлай қарап, біраз отырды. Сосын басын шалқайтып, рюмканы көтере, қолды сілтеп кеп жіберді.

— Сейтіп, ішпейсіз, ә? Ендеше, бұл жерге неғып келдіңіз? Әлде билеу үшін бе? Айтпақшы, есіміңіз кім еді өзі?

- Эбілтай, Эбеке дей берсөңші.
- Иә, Эбеке. Сіз өзі бұл жерге қайдан келіп қалдыныз?
- Күні бойғы текке сандалыстан журегім сазып... Бұл қаланың тамақ беретін жері қайда деп сұрап жүріп... Қөрсеткендері — осы үй.
- Қарттың одан аргы әңгімесін курк-курк еткен қаты жөтел бұлдіріп кетті. Қарсысында отырған жас әйел:
- Фу, бескультурница! — деп, бояма кірлік қамалаған әдемі қөздеріне сүмдық жиіркеніш толтыра, жонылған піл сүйегіндегі мінсіз келбетін аулақтата берді. Жігіті де басын кекжитіп алышты. Гүжбан қара күректей алақандарын желпуішке айналдырып, бет алдындағы ауаны онды-солды қуып тастады:
- Қім... Эбеке, сіздің мұныңыз қалай? Тамақ үстінде. Неге жөтелесіз? Болмайды ғой ол.
- Карт жас кептеліп үлгерген жанарына орамалын ти-гізіп, ыңғайсызданып жатыр:
- Болмайды дейді? Е, балам... Жөтелі құрғыр қысқан соң... Сен нетсеңші, ғапу ет. Кейде естіп қалатыны бар.
- Ақсақал, то-есть, Эбеке. Оныңыз жарамайды. Жана айттым: «Дезинфекция жасау керек», — деп.
- Э, оған көне коймас бұл көкжөтел. Ескілікті ауру, үйрендік қой.
- А, бұрыннан ауырасыз ба? Онда курортқа барып, демалып қайтпайсыз ба? Рақат қой курорт дегеніңіз. Мәселен, мен откен жылы Бурабайда болдым. Қандай керемет! Ондай жерді іздесеніз де таппайсыз. Рас, оның алдындағы жылы бір ай Гаграда күнге күйгенім бар. Онда теңіз ғой және күнге жақсы күйесіз.
- Күркілдеп барып Эбкеңің демігі де басылды. Жан қалтасын ақтарып отырып шығарғаны — түймедей ғана сарғыш дәрі.
- Курорт деймісің? Әлгі емдейтін жер ме онысы?
- Оho, курортты білмей, осы уақытқа дейін қайда

жүрсіз? Айтып отырмын ғой, оның рақатын көргендердің бірі мына меммін деп.

— Балам-ау, жап-жас болып сен де ауырып па едін?

Бала тілін қызықтайтын үлкендердің ләміне салып, жігіт мол денесін бүкілдете тырқ-тырқ құліп алды. Езуіндегі бір тал шылымның жаны қалмай, қоса секектегені қызық.

— Ой, ақсақал, өзіңіз ештеге көрмеген адамсыз ба, немене? Мүмкін санаторийге көніліңіз соғар. Ол да табылады. Керек десеңіз, путевка алдырып берейін. Тек мынандай болса, бітті,— деп, әлгі нояң саусақты сырт еткізді.

— Шырағым, айтқандарыңың бәрі жен-ау. Бірақ ол құрғырың біз сияқты қарабайыр адамның қолы деймісін. Және бізді ол жаққа кім жіберіп жатыр. Ала қыстай қақсағанда мені әрең босатып отырғаны мынау. Онда да аз күнге. Оның үстіне, менің дертім курортыңа көне коймас.

— Қак, көне коймас? Ауруды дұрыстап өмдеть керек.

— Менің не ғой, әкем... Ауру деуге болмайды. Өкпеме оқ тиғен. Сонықі.

Жігіт қылқылдата жөнелтіп жатқан сырасын тауыспай-ақ басын жұлып алып, жалт қарады.

— Қалайша, сіз жарапысыз ба?

— Ие, жарапы болғамын. Мүгедекпін.

— Соғыс мүгедегісіз бе? Міне, қызық.

Несі қызық екенін ұқпаса да, Әбекен макұлдан басын изеді:

— Иә, айтпақшы, менің шаруам да осыған байлаңсты. Әлгі не... мен саған қазір оқытайды.

Бар қалтасын түгендеп шықкан қарттың қолына, ақыры, бір жапырақ қағаз ілікті:

— Өзің қыс ортасында алғанмын. Содан шығып отырғаным осы. Малдан мойын босай ма баяры. Шәріпі қойып, совхоз орталығына да қант-шай таусылғанда

соқсақ, соқтық, өйтпесе ол да жоқ. Ие, осы қағаздың әлегі. Болмаса, ит өлген жерге қаңғып нем бар?

Қағаз — шеті жырым-жырым алақандай газет қындысы. Жігіт оның бүктесінің жазып, алдына қойды.

«Қарулас досым, қайдасың?

Менің оны көрмегеніме түп-тура отыз бір жыл. Екеудің 1943—1944 жылдары бір бөлімшеде соғыстық. Қандағы көйлек жолдастардың ішінен бұл жігіт ерекше есімде қалыпты. Ұрыс алдында, шынымды айтсам, соның сабырлы өніне қарап жүрек токтататынын. Қарапайым азамат ретіндегі қасиеттері қаншама еді. Еске түсірсем, ол туралы айттар дүниесін көп. Соңғы рет көргенім, Польша жеріне кірер алдында. Сол жылы мен ауыр жарапандым да, ұзақ уақыт госпитальда жаттым. Автоматшы қазақ досымды бұнан кейін көргенім жоқ. Өлі ме, тірі ме, оны да білмеймін. Газеттерден жеңістің отыз жылдырына орай бірін-бірі тауып жатқан майдандастар туралы оқыдым. Ұлы Отан соғысының мүгедегі ретіндегі сіздің газеттен өтінерім — осы адам туралы білетіндер менімен хабарласса екен. Соңғы рет көргенімде қырыққа таяған жігіт ағасы еді. Арқа өнірінің қазағы болатын. Аты-жөні...» дей келіп, сонында мақала иесі өзі туралы қысқаша мәлімет берген.

Сыра үстемелеп құйылды. Жігіт ой үшқыны қылаңытқан көзін табактасының жүзіне аялдатыпты. Екеу ара тұнған үнсіздік ыдыс жеңілдеген соң бұзылды:

— Сіз сонда мынаның айтып отырган адамын білесіз бе?

Карт енді тақыр басын умаждалған орамалымен сүрткіштеп әбігер. Қолайсызданып отыр:

— Iñim, өзі, балам, жөндең ұғынбай жатырсың-ау. Мен анау... әлгі мына кісінің іздел жүрген автоматшы қазағы боламын.

— Сіз бе? — Бейберекет сөзді орынсыз сапырып, парақсыз отырган гүжбан қараның («гүжбан қара» Әбекециң іштей қойып алған аты) үні көмейін тырнай

шыкты:— Эй, қайдам. Газеттегі жазылған батырға кай жеріңіз үқсайды, тіпті? Ересен ерлік жасаған... Эй, білмеймін, мені алдай салмақ болған шығарсыз.

— О не дегенің? Сені алдаң шапан кигелі отыр деймісің. Петр Даниличтің мені танитыны рас.

— Онда сіздей батыр адам неғып мал бағып кеткен? Осына азып-тозып деймін де. Оның үстіне, жөтелесіз. Мен сіздің орынцызда болсам...

Әбекен батыр болып тұрып мал бағып кеткеніне айыпты адамдай селкеуленген мұртын тарамыштап, қибыжықтай береді. Сосын күні бойы Петр Даниличті іздеп табанынан таусылғанын, бүйтіп сандалмас еді, газеттегі адрестен ауысып кеткенін әңгімелеп, осы ресторанға андаусыз кіріп қалғаны ушін де акталған болды. Есіне бірдеме түскендей кенеттен жүлкynna тұран жігіт екі колын бірдей әңгімешіге ұсына қойды. Алаканына дейін қоң жиган адамды көргені осы. Саусактары жуп-жұмсақ, тершіп тұр. «Кой, қашама ірі болғанымен, мына қолдар қи ойып жарытпас. Күрек ұстап көрді ме екен өзі?..»

— Ақсақал, жарайсyz. Соғысқа катынасқаныңызды айтам.— «Арак жарықтық мына шіркінді де дендей бастағаннан сау ма? Сөзінің сүрепетін қарашы. Қылжақбастау неменің әдій қағытуы шығар».— Әбеке, көңіліңізге келмесін, сіздей кісіні соғыста батыр болды дегенге... Эй, білмеймін-ау.

Қарт малшының ашуы бұл сөздерге де оянатын тұр көрсеткен жоқ. Тентек ұлына кешіріммен қарайтын мейірбан әкедей терісін кенгे салып, күлімсірей береді. Дәмдес жігіт тағы да сыралмен айналысып жатқан соң, жан-жағына қайта қарағыштады. Қөзіне басылғаның бәрі тансық. Әсірессе дастарқаңдас келіншектің жайбаракат қана езуінен шылым түтінін будақтатып отырғанын көріп, Әбекен тіпті таң-тамаша. «Мына қызықты қара. Анау әйелдер де тартып отыр ғой...»

Осылай әркімнің жүзінен, қымылынан өзі көріп жүр-

ғен жұртта жоқ қызық тауып, аузын анқайтып отыра берер ме еді, қайтер еді, егер көршісі:

— Ие, ақсақал, әңгіме айтыңыз,— деп гуж ете түспесе.

— Шырағым-ау, негылған әңгіме?

— Сіз шынында да қызық кісі екенсіз. Мен сіз сияқты соғыс көріп келсем, бір секунд та үнсіз отырмас едім.

Қайрауын келістіріп, сөз дәметкен аңғалақтау жігіттің қолқасын Әбекен дәл қазір орындаі алмасын сезді. Соғыс жайлы сұрағандардың қай-қайсысынан да үнде мей, тым тақымдаса, жалтара сөйлеп құтылып кететін әдеті. Ондағысы сөзін бұлдан сыйлы көрінгісі келген, діктен, яки еріншектігі үстап, аузын ауыртудан қашқандық емес. Өзі ушін көңілсіз, көңілсіз ғана емес, қасірет естелігіндегі соғыс суретін тап мына думанды ортада отырып, көлденең тартқаны жөн бола қояр ма екен? Қез көрген адамға сол бір қан кешу заман еске алған сайын жүйкесін жүдеп, ойын тұралатып тастайтын сұмдық екенін мына азаматқа түсіндіріп байқаса қайтеді?

«Жә, «айт-айт» деп алқымнан алса, санаасында қатталған қай хикаяның тігісін сөкпекші! Соғысқа алғаш қалай кіргені, адам өлімің алғаш қалай көргені жөнінде әңгіме шерткені жөн бе? Не болмаса, Брянск орманында Коршаудан шыға алмай взводымен тоғыз күн сандалғанын, ми батпактың арасында аштан-аш жүріп, фашистермен аяибай арпалысқандарын, ақыры кеуделерінде шықпаған жаны бар төрт-ақ жауынгердің аман құтылғанын есіне түсірсін бе? Немесе...

Жоқ, керегі не? Шаруадан мойны босап, женілдей қалатын кезі ілуде біреу. Бұған дейін қаланың ресторанында отырып, қашан көніл көтеріп еді. Тым құрыса, осындаі арқасы кеңіген шақта ауыр күндердің еңсені езген елесін бір ауық ұмытқаны лазым емес пе? Одан да бүгінгі қамсыз-қайғысыз, жарқын заманның қызы-

тын тамашалағаны дұрыс. Бүгінгі бақытты үрпақтың еш алаңсыз бейбіт тірлігіне сүйсіне, әрі қиялдай қараудын өзі неткен рақат.

Төрдегі сәкінің устінде бір-бір темірді өңгеріп отырган жігіттер гүмпілдетіп ойнай жөнелгенде, төбеден салбыраған өрме шамдар шыдамай шытынап кетер ме деп еді. Іле-шала ортаға суырыла шыққан әлдекімдер әр қалыптағы денелерін әрлі-берлі ырғап, бұлғандатып, секектей жөнелісті. Әлгінде ғана ішіп-жеп, дуылдастып, жайбарақат отырган жұрт аяқ астынан жан еттерін жұлып жеп, жанталасты да қалды. Әбекенің өзі өз болып, мұндай дырудуды көріп отырганы осы. Басқалар үшін ресторан емірі үйреншікті тіршілік болса да, күнін мал соңына арнаран адам үшін мулде тын құбылыс. Мына сықылды әуенді радиодан бурын естігенімен, қандай аспаппен ойналатынын үға бермеуші еді. Домбыраға, одан асса сырнайға дағыланған құлақ кейде жатырқап қалғандай болады. Бас білмейтін күнанға мінгендей копандап қойып, табақ темірлерді жанын шығара тәмпештеп отырган шеттегі жігіттің тіршілігін өсірсе үната алмады. Шалқыған әдемі әуезді сол шіркін темірдің қатқыл үнімен кескілеп, жіліктеп қояр емес.

Босағада жайрандаған қарсы алған манағы толықша әйел. «Келін» дел атағанын жадына алып, Әбекен қазір қысылайын деді. Тақаса бергенде, көзі еріксіз кідіріп еді — әйелдің өңі ескілеу көрінді. Қәрілікке мойын ұсынығысы келмей, опа-далап жаққан екен. «Осы келін» менімен замандас ку болмасын. Ой, дүние-ай. Бұл күнгінің кемпірлеріне дейін сылқым».

\* \* \*

Автобус ішіндеі ел сирексіген шакта Әбекенің аяғы да сыр береін деген. Бос орын әлі жоқ. Танымайтын ел, кім турегеліп ізет білдіре қойсын. Өз аулы болса бір жөн, бәрі: «Әбеке, Әбеке», — десіп жалпылдан жататын. Сонда да «Біреуінің мейірімі тусер», — деп

салоның ортасына қарай ығысты. Қарт адамды бірі болмаса бірі байқар деген далбасасы. Сол кезде шынымен-ак:

— Ал, қане, жастар, орын беріндер мына кісіге,— деген дауыстың санқ ете қалғаны. Егделеу бір әйел екен.

Әр тұста автобус ішін құлкіге көміп, жалпылық-жалпылық отырған қыз-жігіттер. «Үлкен адамға сыпайылық көрсетейік»,— деген ой ешқайсысының қаперіне кірмейтін сұқылды. Қыздардың бірі үяды ма, үнсіз тұрды да, ары қарай жылдық кетті.

Картты ашу қысып-ак отыр, бірақ албаты кімге соқтықсын. Дауыс көтеріп, біреуінің бетінен ала түске-німен, түсіне қойса жақсы, түсінбесе ше? Бір жағы өзінің көп нәрседен әлі бейхабар екенін енді парықтап, таңырқаулы. Шынымен-ак, тісі түгесіліп, жағы саудырағанша өмірді тани алмай кететін болғаны ма? Ауылдағы замандастары өзін ортаға алып, қауқылдастып отырғанда, көпті көрген көнедей ғыл әуектете сейлемеуші ме еді. Сондағы айтатындары: «Көзінді ашқаннан көргенің еңбек, Колхоз үшін сенен көп тер төккен ешкім жок. Бұл өнірде соғыстан басынан аяғына дейін қатысып, аман-есеп қайтқан да сен. Міне, қашшама жыл мал бағып, ел иғілігін жасап жатырсың. Қыскасы, артында үриғыңа өнеге боларлық өмір жолы бар, ғұмырын еліне адал қызмет етуге арнаған азамат сендей-ак болсын...»

Елдің егделері қайта-қайта таңатын осынша сый-күрметтің наркы қайда енді? Бірақ бұларда да кінә жок. Селдір сақал мыжырайған қара шалдың өткен өмірінде жағасы жайлай, төсі қыстау бакытты үрпактың шаруасы қашша? Сонда да адамды сыйлау, кәріні қадір тұту бүгінгі күннің балаларына да жат болмаса керек еді.

Көз алдында өзі әрдайым тітіркене еске алатын қашарлы күндердің бір елесі келді.

Ұмытпаса, 1942 жылдың қысы. Қөнелеу жолаушы вагоны лық толы. Дені сау кісіге тізе бүгер орын іздеудің өзі бос әурешілік. Жұрттың дені әйелдер, карттар мен балалар. Бірен-сарап жарагалы жауынгерлер бар. Майдан артта қалса да, жау самолеттері маза бермсій-ак түр. Поездың жүрісінен де береке кеткен.

Қарі шал мен немересіне тиғен орың біреу. Екеуі ке-зектесіп тұрады. Қішкене баланы аяй ма, кейде қарт ұзағырақ тұрып қалады. Вагон ішінде бір жауынгер бар еді. Ол қарттың қалжырағанын сезді де, өз орнын ұсынды. Поезд мұнан кейін де біресе тоқтап, біресе козғалып, ұзак жүрген. Қенет дұрс еткен оқыс үн вагондағыларды селк еткізді. Бәрі жалт қараса, жанағы жауынгер. Есінен танып құлап түсіпті. Қемекке ұмтылып келгендер сол кезде байқады: жауынгер жарагалы екен. Мұны енді ғана білген қарт еңкілден жылап жіберді. Жаңына батқан жарасымен де санаспай, үлкенді сыйлау рәсімін берік ұстанып, есінен танғанша түрегеп тұрғап жауынгерге бүкіл вагон тегіс сүйсінді. Бәрі де жарагалы жігітке аса риза сезіммен құрметтей қарасқан.

Азаматтың адамшылығын айтсаныш. Ол ел үшін қеудесін оққа төсеп, қан төккенін де міндетсінбеді. Тіпті жарагалы екенін айтып, отыра беруді де ар көрді.

Бұл оқиға көз алдында әлі күнге сол қалпы. Ұақытының тығыздығына қарамай, жарагалыны госпитальға апаруға көмектескен де өзі. Уш айдан соң қым-қиғаш майдан жолы екеуін қайта табыстырыды. Екеуі бір бөлімде соғысатын болып шыққан, Достықтары да осы кезде басталды. Енді, міне, отызы неше жылдан кейін сол досымен кездесуге келе жатқан беті.

\* \* \*

Оқыс ұстаган қатты жөтел сілкілеп ояты. Бетін ір-геге бұрып, мезгілсіз қысқан дертке танғы салқынды дару еткісі келген. Сөйткенде қеудесі тыныс алыш,

жетелі жеңілдеп қалатын. Қазір олай болмады. Қайта қапырық ауа тозған өкпені одан арман деміктіріп, сыйын барады. Қыстыға күркілдеп, басын көтеріп алды.

Ұйқысы қансын, қанбасын алагеуімнен ытып тұрып кету қашанғы әдетті. Тұра сала жүгенін сылдырлатып атып әкелуші еді. Қора-қопсыны бір айналып шыққан соң, тоқымның тер қатқан жерін асқыпай үккілеп, өзін торысын ертеуші еді. Бір тостаған айранмен оразасын ашып алыш, үй ішін оятпастан малын өргізіп кете беретін. Коңыр салқын самалмен желдей отырып, біраз арындаған қойлар ат шалдырым жерге барып та қалауды. Сонаң кейін олардың көктен тіс айырмай, қадалып жатып алғанын көр. «Кемпір шіркін үйқышылдау еді, кара басып майды өргізіп алар ма екен...»

Кешегі гүжбап қараның ләйліп отырып тойдырған уәдесі сол жерде қалды. Бар сілтегені адрестер бюросы. Әбекенің ондай мекемені, әрине, бірінші рет естуі. Көшеге шыға сұрастырып еді, бүгін күн сенбі болғандықтан, жұмыс істемейтін көрінеді. Дегенмен, Әбекен көп киналмады. Тілеуінді бергір қайырымды жандар қай жерде де мол емес пе. Солардың бірі көшеде оп-оңай кездесе кетті. Телефон арқылы бір жерлермен хабарласып, көп әбігерленіп жүріп Петр Данилиchtің жаңа адресін тауып берген сол.

Әбекен бүгін-ақ жүріп кеткенді жөн көрді. Карайлайтып не бар? Сонау жырақтан табан тоздырып, іздеп келгенінде қанды көйлек досын тағдыр көргүте жазбапты. Осыдан екі ай бұрын соғыс салған дерті акыры алып тынылты.

Петр Данилиchtің семьясы үлкен екен. Өзі кемпірі екеуі кіші үлдарының қолында тұрыпты. Өзге балалары да осы қаланың әр жерінде бір-бір отаудың иесі. Әбекенмен көп сүкбаттасқан Петр Данилиchtің бәйбішесі мен келіні. Марқұм туралы мол әңгіме шертілді.

Газет қындысы бүл үйде де сақталыпты. «Содан сіз-дің атыңызды біліп едік. Данилич те: «Тірі болса табылар ол казак»,— деп жүретін»,— деді қеліні. Эбекенді оңаша бөлмеге жайғастырып, қадірлеп күтісken.

Үй іші әлі үйқыда. Бүгін жексенбі, қайда асыгады. Дегбірсізденіп тұрып кеткен өзі де. Өйткені, демалыс күні деген ұғым дағдысына сіністі нәрсе емес. Үйдегілер оянғанша есік алдына шығып, қала тіршілігін тамашалай тұrap. Сосын марқұмның басына барып мінәжат етеді де, тус қайта жолға шығып кетпек. Осы ойға бекінген ол тыска беттеді.

## МӘҢГІ АЛАУҒА АЙНАЛҒАНДАР

«Апа, кеке. Аман-есенсіздер ме? Менің алдыңғы хатымды алдындар ма? Апам менен: «Хабар кешікті гой»,— деп мазасызданып жатқан шығар. Оның себебі, қолымыз бүл уақытқа дейін ешқандай тиген жок.

Міне, қазір майдан даласындамын. Дайындықтан өтісімен бірнеше күн жол жүріп жеткеніміз осы. Апа, қазір хатты асырып жазып отырмын. Бұдан соң уақыт бола ма, болмай ма, кім біледі. Енді соғысқа кіретін шығармыз.

Апа, өз жайларын қалай? Суық түсті ме? Ана тентектерің әлі де асық атып, ойнап жүр ме? Жоқ жұмыста ма? Оларды тым еркіне жібере берме. Тәртіпті болып, айтқанды тыңдасын. Тәртіптің күшін енді түсініп жүрмін.

Колхоздың жұмысы жүріп жатқан шығар. Жігіттерден кім қалды? Өзгелерден хат-хабар бар ма? Апа, әжемнің денсаулығы қалай? Құлағы есть ме? Қөп-көп сәлем айт. Ал көкем қалай? Белінің құяны қойды ма? Әлгі көлік жайы қалай болды? Жириен айғырдың арқасы жазылмаса, колхоз мініске ат беретін шығар...»

\* \* \*

Самсаған жұлдыздардың қатары сиреп, біртіндең соңе бастапты. Алагеуімгі ауа айналаны анық көрсетіп тұр. Алдымен көзге түсетін — анадай жердегі шоқ кек тerek. Селдірекен жапырактары жыбырлап, еріксіз на-зар шақырады.

Табиғаттың тымық шагы әдемі, дәл осынау таңғы ауадай таза. Тіпті жылдың ең коңыркай маусымы күздігүні де тыныштық аясында тұнған сұлуулығы мен ойынды баурайды. Тәбе, жазықты қуалай жапқан иірім-иірім орман, сол орман Отанды құрайтын алуан ағаш пен бұталардың урім-бұтағы бәрі де сары ала күздің еншісіне тиғенін шамалайсың. Орман жарықтықтың қайталанбас күзгі иісін айтсаңшы. Қалбандай бей-біт қонып жатқан жапырактар, шыққа малшынған қу-қылт шөптің арасындағы ірілі-уақты тастар, айқыш-үйкыш машина, адам іздері жарыса айқындалып-ак келеді.

Күзгі әуеннің бір сазы кем, бір бояуы солғын. Ол малынған табиғаттың жүгірген аң, үшқан құстарың же-тімсіреп, жудегені ғана ма?..

Солдат шинелін қаусырынып қойды. Күзгі қара су-ықтан үл еткен леп те бой тоңазытардай өтімді. Бұйырып отырған серіктепе де қолдарын үқалап, серпілісіп қалды. Қанталаған шала үйқы көздер әлемнің тунерін-кі жағын әлсін-әлі шолып әлек. Қалғып-шұлғып, есінеп отырған жауынгерлерді асықпай аралап екеу жүр. Рота командирі мен политрук екен. Солдаттың сергек қал-пын танып, командир арқасынан қақты. Қара торы өні көңіл күйін сездірер ештеңе байқатпайды. Қабағынан ғана аздап шаршағанын байқауға болар. Керісінше, қарлығыңқы үні құлаққа жылы.

— Тынықтың ба? Қызынды ойлап отырсың ғой, ә?

Осы бір шиыршық атқан шағын денелі кісіні көргеге-ні кеше. Жүдеулеу пішіні адамның ықыласын аса тарт-

пайтындаі көрінген. Әлгі бауырмал сөз солдаттың жүргегін шымырлатып әкетті. Бас салып сөз иесін, бауырына қысқысы келгән. Есесіне устав бойынша атып тұруы, оң қолды шекесіне сарт еткізіп, честь беруі тиіс екенін парықтады. Бірақ енді кеш.

— Қерегі жоқ. Сәл де болса тынық. Өзің неге сонша бозарып тұрсың? Қорыққандықтан ба?

«Корқу» дегенді енді ойға алудың да жөні жоқ еді. Өзіне арналған бір-екі ауыз жылы сөз жүректің күсындағы әлдебір көңілсіз сезімдерді шайып әкеткен. Қасын керіп, үяла күлімсірейін дегенше екеуі ары өтіп те кетті.

Тып-тынық таңның қойнауында туындаған әлгі ойлары қазіргі жағдайдан тым шалғай болып шықпады ма? Бос қиялмен әуреленіп тұрғанын білсе, командир не айтар еді? Ия, өзінің не мақсатпен таң күзеткенін бір секунд та ұмытуына қақысы жоқ.

Енді зер сала көз кідірткені — қасындағы жігіттер. Қайсысы жетісіп тұр дейсін. Арпалыс сезімдерін жүгендеге тырысып, іштен тынған қалыптары. Тек қайта қайта қылтындаі берген темір қалпақ кімдікі деп көз тоқтатып еді.— Қылжак Шегір. Сөз сүйілған тыныштықтан өзінің іші пысты білем, тұнжырыңқы жүздерге кезін қыдырта қарап, оқыс ыңылдан кетті. Құлаққа жылы орыс әуені. Рақаттанған бір қайырып тастады да:

— Атасына ңәлет. Осы қазір қырылыш қалсақ та, қабақ түсірмейікші. Сыбағасын алады. Әуелі, көрінсінші өздері,— деді жағдайға сәйкеспейтін көтеріккі үнмен.

Осы бір ажарлы сөздердің шығуын күтіп тұрғандай шатыр ете түскен абын дауыс тымық ауаны қақыратада айырып жіберді. Окоптағылар елең етісіп, ес жинап үлгіргенше алапат басталды да кетті. Бейне бір үйқыдағы алып жануардың бүйіріне әлдекім біз тығып алғандай, жер оқысташ шорши мәңкіді. Келесі секундта аунақши берген окоптың қабырғасы төңкеріліп келіп, ес жиғыз-

бастан солдаттың бетінен соқты. Соңан жерге жабысқан қалпы, тылым ете алмай жата қалған.

Өстіп есі кіресілі-шығасылы күйде, қанша уақыт еткенін білмейді. Әйтеуір, құлағына командир әмірі талып жеткенде рана бойына жан кіргендей болып еді.

Баспалай қарап, болжаганы — маңайы.

Артиллерия дайындығы бітіп, шабуыл басталыпты. Жарық дүниеден қасаң тартқан жанары табиғаттың жаңағы әсем келбетін тап басып, тани алсаши. Қөзіне ілінгені жаңағыдан мүлде басқа, тосын көрініс. Аспан асты будақталып, құшақтасқан қою шаң. Жер астынан бықсыған ерт тұтінідей көкжиекті қымтал, бар әдемілікті сіміре салыпты. Қектерек шоғырының орында жапырыла құлап, сойдиган қазықтар. Шыққа малышынып бүріскең шөптердің тамтығы топырақ бүркеніпті. Айналасы қорасан ізіндегі шұрқ-шұрқ. Адамның емес, жердің жарасын көріп-ак дeneң түршіккендей. Дайын көр алдағы сұмдықтың ишарасы сияқты. Сусылдай жөнелген жүргегін басқысы келіп, солдат назарын жолдастарына аударды.

Ең жақыны — темір қалпағы мильтына енкейген Қылжақ Шегір. Аузын толтыра топырақ түкіріп, үстін қағып жатыр. Жарқыраған тістерін ашып, ыржынып күлгенсізмак, бірақ өні бол-боз. Қулақ шіркін әлі де дыбыстап жерулі. Шыңылдаған үрейлі тыныштықты сеілтүге Қылжақ Шегірдің әншіейіндегі күркіреме үні тіпті әлсіз:

— ... тук емес екен рой.

Ол ақсия ыржиган күйі еңсесін түзеп алыпты. Өзгеден бұрын ес жинаған да сол. Окоп ернеуіне жаптармағай мылтық үңғылары жығылды. Қылжақ Шегірдің батылдығы Солдатқа да шым-шымдап ауысқандай, қылтасының дірілі басылып, саусақтары шаппаның салқын табын сезінген.

Іә, ол адамзат тарихындағы соғыстардың ең сұрапылы, һәм ауыры болып саналатын соғысқа осылай кір-

ді. Бұғінгі ғұмырына дейін басынан кешкендері соңғы екі күннің ұсынған кияметіне татыр ма? Және бәрі де тұңғыш көргендері.

Өмірінде бірінші рет осындай сұлу өңірдің топырағына аяқ басып отыр. Өкініштің сол — ару табиғат құшақ жайып құлімдей қарсы алған жоқ, шашын жая күніреніп, азалы халде есекреп жатты.

«Софыс» деген сұмдықты бірінші рет қалай көрсе, көз алдында адам өлгенін көргені де осы.

Сөйтіп, шайқас басталып кетіп еді.

Бықсыған қошқыл түтекті от семсерлер тоқтаусыз тілгілейді. Есірік оқтар басын сәл көтерсе, қағып тусердей. Алдыңғы түпсіз үрей қайта тықсырып, окоп қабыргасына жабыстыры да, тыпыр еткізуі қойды.

Қасына ұшып түсіп жатқан гильзалар, «Ат», «Тоқта», — деп үздіксіз санқылдаған командир әмірі. Үрей табанында қолы қалтырай атқан алғашқы оқтар бет алды лағып жатыр.

Шынымен, осынша қоян жүрек болғаны ма? Кәне, сабыр, сабыр. Эйтпесе...

Ажал демі асыға жетіп жатқан жақты көруге өзін-өзі итермеледі де, мылтығын ыңғайлап, төбесін қылтита бастаған. Әлденеден тіксініп жалт қарал еді, жанындағы жігіт езуінен қан жүлгелене ағып барады екен. Екі қолы таяныш болуға жарамай, атпал дene қабырганы сыпыра, сылқ етіп құлады. Окоп ернеуінде нысанасын іздеумен от алып үлгермей қалған винтовка.

Солдаттың көз алды қарауытып, құлағы шынылдан кетті. Анырайып тұрды да, барлығын ұмытып, суріе-қабына тұра ұмтылған. Әлдебір жері шанши ауырып, жүрегін ызгар қарып өткендей ме? Сонымен қабат қыстығып шыңғырғандай ма?

Әлгінде ғана өзі қатарлы мылтық атып: «Софыс деген онша қорқынышты емес екен фой», — деп күліп тұрған азамат қас қағымда сұлап түсті. Қан сорғалаған езуінде күлкі табы ұйып, тістері сол жарқыраған қал-

пы. Жігіттің жайдары жаны былқ-сылқ еткен жылы деңені тастап та ұлгеріпті. Ұрыс даласына қүннің күлгін жарығы аунағаны осы сәт.

Солдат өз пішінінің қандай болып кеткенің білмейді. Өне бойын әл бермес бір діріл кернеп алған.

Қайран Шегір. Айналасын күлкімен безендіруге күмар, қалжыцбас, қайғыру дегенді, «өлем-ау» дегенді ларықтай білмейтін шаттық иесі емес пе еді. Оның қуақы кейіпі қашанда қатер мен қайғыны ұмыттыруға дайын тұратын. Міне, енді, күлкімен туystас ақ сары өкін өлім ызғары еншілеп, өмірмен адамша бакылдасуға да мұрсаты келмей, өлкке айнала салғаны.. Бейшара анасы азалы хабарды естүге әзір ме десеңші.

Ол алғашқы өлімді осылай көрді.

Дүниедегі ең қымбатты нәрсе адам өмірінің оп-оцай өлімге ұласа салуы тым зәрлі, санаға сыймас түсініксіз құбылыс екенін пайымдады асырыста. «Софыс» деген сүмдыштың да бұлтартпас мағынасын енді жанымен сезінген.

Әп-сәтте көз алды дәңгеленіп, дүние көшіп жөнелді. «Уақыт», «өмір», «адам» деген үғымдар уңірейген қып-қызыл кеңістікке жұтылып, құрдымға кете барды. Мына сұрапыл ертеде көрген қорқынышты түсі сиякты. Енді-енді ояна кетіп, төсегінен табылатындей. Бұл шынымен-ақ қан кешіп, қалың шайқастың ортасында жүр ме? Мынау мәңгілік созылып келе жатқан аласапыран ба? Ол мәңгілікке таусылмай ма? Өлім туралы ойлап жүргені несі, мына кілец балғын жігіттер өлім үшін келіп пе еді? Шындықтан шалғай есекіреген сезім.

Адам жанын нысанға етіп, ауаны құтырына кескілеген мың-сан өк, снаряд. Мұлт кеткені топырақ қауып, болмаса, бала қайынның не кәрі теректін бұтағына қаршы қадалып, омырып түсіреді. Тіміскілегенін дәл тауыш, ыстық қанды шаша міндетін өтеп жатқандары да бар.

Жау өскерінің: «Талқан ғып таптап өтеміз»,— де-

ген зор дәмесі болғаны белгілі. Енді, міне, қайтқан теңіз толқынында жамырап кейін серпіліпті. Жойқын шабуылды тым тәкаппар бастаған сұзы суық танктердің де қатары қақырап, тоз-тозы шыққанын жауынгерлер көріп отыр. Майдан даласының әр жерінде обадай домаланып, тілсіз қалған сол темір тажалдар.

Енді алыстан ноқаттанған танктер жаңадан топ құрып, ұрысқа дайындалуда. Ұрыстың бір сөтке ғана тынышталған шағы. Ротада біраз шығын бар сияқты. Алғашқы жарапылар да бой көрсетіп қалған. Жаңағы қатпа командир окоптың бас-аяғын бір түгендеп шыкты. Жауынгерлердің көбінің-ақ репеті қашыңқы, жүздері күкүлт. Алғашқы арпалыстың әсері.

Командирдің өні өзгеріссіз: әр жауынгерге сыңай қарап сергітіп әкететін сабырлы қара көздері; сол шан басқан әжімді өн. Тек даусы қарлығынқылау ма, қалай?

— Төтеп береміз ғой, жігіттер? Төтеп береміз. Станцияға қарай жаудың бірде-бір танкісі өтпейтінін көзде-ріңен көріп түрмyn.

— Дәл солай, жолдас капитан,— деді сопақ пішін-ді, секпіл бет сержант.— Жақындан көрсін, тағы да сазайларын алады. Тіпті ертең де осы окоптан жылжы-маймыз.

— Ертең бұл жерде соғысдың керегі жоқ. Бүй-рық — станцияны бүгін кешке дейін ұстау. Содан кейін шегінеміз.

Ашынған жаудың аяусыз екенін Солдат білетін. Ана жылы: «Қақпанға түскен қасқыр алам», — деп келген көкесін жазым қыла жаздамады ма. Тек сақтық пен ежеттіктің арқасында аман қалып еді-ау. Мына жаудың да сол жарапы аңдай азуын басып келе жатуы анық. Арқыраған арынмен ширығып келіп, тағы да соқтықты. Сонда да жапырып кете алмай, жан еттерін жұлдып жеп, шайнасып жатыр.

Солдаттың көз алдында секпіл бет сержант оққа